

Германия Федеративтік Республикасында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 маусым 1994 ж. N 663

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық саласындағы үкіметаралық келісімдерді жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ Германиядағы сыртқы экономикалық қызметке қазақстандық қатысушылардың жұмысын үйлестіру және олардың мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Германия Федеративтік Республикасындағы Бонн қаласында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі ашылсын.

2. Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігінің штат саны 1994 жылғы 7 айға айлықақы қоры 54754 АҚШ доллары сомасында 5 адам мөлшерінде бекітілсін.

3. Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан Республикасының Сауда өкіліне айына 1845 АҚШ доллары мөлшерінде лауазымдық жалақы белгіленсін.

Сауда өкілдігінің қызметкерлеріне лауазымдық жалақы Сауда өкілінің жалақысына қарай штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

4. Сауда өкілдігінің қызметкерлеріне медициналық қызмет

көрсетуге АҚШ долларындағы айлықақы қорынан 2 процент мөлшерінде аударым жасау белгіленсін.

5. Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігінің шығыс сметасы 346257 АҚШ доллары және 594284 теңге сомасында бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылдың бюджетін дәлдей түсу кезінде Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан Республикасы Сауда өкілдігін ұстауға қаражат бөлінуін ескеретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК